

"Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясын қаржылай сауықтыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 11 тамыз N 1119. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.11.17. N 1563 қаулысымен.

"Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясының қаржы-шаруашылық қызметін сауықтыру, республикаға инвестицияларды, озық технологияларды тарту және кәсіпорындарды басқарудың тиімді тәжірибесін жинақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясын басқару құқына "Интеррос" қаржы-өнеркәсіп тобымен контракт жасасын.

Контрактыда мыналарды көздеу қажет:
тараптардың құқықтары, міндеттемелері, жауапкершілігі және кепілдіктері;
тараптардың міндеттемелерін орындамаған жағдайда контрактыны бұзу мүмкіндігі.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Экономика министрлігі Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібімен бірлесіп контрактының шарттарына сәйкес басқару компаниясы әзірлеген бизнес жоспарды қарап, бекітсін.

3. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясын басқаруға контракты шарттарының орындалуына бақылау жасау жөніндегі өкілдерін тағайындап, осы қаулының орындалуы жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру соларға жүктелсін.

4. Түсті металдар бұйымдары зауыты "Үлбі" мемлекеттік

холдинг компаниясының құрамынан бөлінсін және оған республикалық мемлекеттік кәсіпорын мәртебесі берілсін.

5. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Ақпаратты қорғау жөніндегі мемлекеттік техникалық комиссия "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясын басқару жөніндегі контрактыны жүзеге асыру кезіндегі мемлекеттік құпия мен ақпарат мәселелерін

қарап, тиісті ұсыныстар енгізсін.

Қазақстан Республикасы

Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК